

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 наурыздағы N 424 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 желтоқсан N 1703. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Ескеrtу. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2001 жылы республикалық бюджеттен қаржыландыруға жататын су шаруашылығы объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 наурыздағы N 424 Р010424_ қаулысына мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 59 "Республикалық маңызы бар су шаруашылығы объектілерін пайдалану, суағарлар құрылышын салу және қайта жаңарту" бағдарламасының 31 "Суағарлар құрылышын салу және қайта жаңарту" кіші бағдарламасы бойынша 2001 жылғы республикалық бюджеттен қаржыландыруға жататын су шаруашылығы объектілерінің тізбесі: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 18-жолмен толықтырылсын: "18. Сумен қамтамасыз ету объектілерін қайта жаңарту, Ембі қаласы Ақтөбе облысы 18,5"; "ЖИЫНЫ" деген жолдағы "421,0" саны "439,5" санымен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Мамандар: Багарова Ж.А., Қасымбеков Б.А.